

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

Продуктивным для образования слов данной группы является суффикс **-er**.

7) наименования лица по каким-либо чертам характера. Слова данной группы могут мотивироваться глаголами (деятельная черта характера, характерное действие лица), именами существительными (излюбленный объект лица), именами прилагательными (свойство или качество характера). Это многочисленная группа слов [1,7].

Таким образом, анализ производных наименований лица в английском языке показывает, что наиболее многочисленными тематическими группами слов являются наименования лица по действию, которым лицо обычно или часто занимается и наименования лица с точки зрения его здоровья/нездоровья, физических недостатков. Наиболее продуктивными и регулярными суффиксами являются суффиксы **-er**, **-or**, **-ist**. Для наименований лица отдельных групп используются специальные суффиксы **-ese**, **-ian**, **-an**, **-ish**, также могут использоваться аффиксоиды **-man**.

Список литературы

1. Jackendoff R. S. Language, logic, and concepts: essays in memory of Jolm Macnamara Text. / R. Jackendoff a.o. Cambridge, MA;—London: MIT prcss, 1999.
2. Word Formation. Collins Cobuild English Guides. Lnd., 1994.
3. Словарь туркменского языка под общей редакцией члена-корреспондента АН ТССР М.Я.Хамзаева.
4. Türkmenistanyň ylymlar akademiýasy Magtymguly adyndaky dil we edebiyat instituty Türkmen D i l Sözlügi. I. II. Aşgabat 2010
5. Taganowa M.A. Türkmen dilinde söz ýasalysynyň meseleleri // Milli golyazmalar institutynyň işleri, I goýberiş, Aşgabat, Ýlym, 2013. Uludag Üniversiresi Basimevi, Bursa, 2013. s.89–102.
6. Taganowa M.A. Söz ýasalysy öwremegin taryhyndan // Türkmenistanda ylym we tehnika. 1. 2007. s.17–24.
7. Новый англо-русский и русско-английский словарь. Москва ООО «Дом Славянской книги»

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТОПОЖҮЙЕДЕГІ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ

*ҚОҢЫРАТБАЕВА Ж.М., Л.Н. Гумилев
атындағы ЕҰУ,
Филология ғылымдарының кандидаты,
профессор,
Астана, Қазасқтан*

Аннотация. Мақалада қазақ транстопожүйесінің аймақтық кейбір мәселесі қозғалады. Трансшекаралық қазақ топонимиясына қатысты түйткілді мәселелердің қатары ауқымды екендігі белгілі. Мақалада соның бір ғана бөлігі – трансшекаралық топожүйедегі бинарлық атаулардың жайы сарапталады. Ондағы мақсат – семантикалық қарама-қарсылыққа құрылған топонимдердің этимологиясын қарастыра отырып, олардың бойындағы бинарлық оппозицияның қаншалықты айқын екендігін зерделеу. Сол арқылы топонимдердің номинациялану принциптерін айқындау. Зерттеудің эмпирикалық материалы ретінде Ресеймен шектес жатқан солтүстік және батыс өңірлерінің топожүйесі алынды. Шекаралық әкімшілік-аймақтық бөлініс бойынша еліміздің СҚО, Павлодар, Қостанай, БҚО, Ақтөбе, Атырау секілді облыстарының бірқатар ауданы Ресеймен шектеседі. Мақалада осы трансшекаралық аймақ топонимдерінің бойындағы бинарлық атаулардың қатары түзіледі. Атап айтқанда, Үлкен – Кіші, Ақ – Қара, Қара – Сары, Жақсы – Жаман, Жылы – Суық, Ащы – Тұщы бинарларының қатары талдауға түседі. Топонимдік бинарлық атаулардың лексикалық антонимдерден айырмашылығы баяндалады. Лексикалық антонимдерде қарама-қайшылық айқын көрініс тапса, ал топонимдердің бойындағы бинарлық оппозицияда қарама-қарсылықтың толыққанды болмауы мүмкін екендігі сөз етіледі. Топонимдердің қарама-қайшылығы тек топонимдік мәнмәтінде танылатыны, кейде тіпті семантикалық қарама-қайшылыққа емес, мәндес жұп құрауы да ықтимал екендігі баяндалады.

Abstract. *The article discusses some regional issues of the Kazakh transistoposystem. It is known that there are several problems related to transboundary Kazakh toponymy. The article analyzes only one part of it – the status of binary names in transboundary topographic systems. Its purpose is to study the etymology of toponyms based on semantic contradictions, to determine the clarity of the binary opposition in them. Thus, to determine the principles of nomination of toponyms. The topographic system of the northern and western regions bordering Russia was used as an empirical material for the study. In terms of border administrative-territorial division, several districts of the country, such as NKR, Pavlodar, Kostanay, WKO, Aktobe, Atyrau, border with Russia. The article creates a series of binary names along the toponyms of this transboundary region. In particular, a number of binaries Big – Small, White – Black, Black – Yellow, Good – Bad, Warm – Cold, Bitter – Fresh are analyzed. The difference between toponymic binary names and lexical antonyms is described. Lexical antonyms are clearly contradictory, and in the binary opposition of toponyms it is said that the contradiction may not be complete. It is stated that the contradictions of toponyms are recognized only in the context of toponyms, and sometimes it is even possible to form synonymous pairs, rather than semantic contradictions.*

Тірек сөздер: *трансшекаралық топонимия, бинарлық атау, этимология, түп-төркін, Ресеймен шектес аймақтар, Қазақстан.*

Keywords: *transboundary toponymy, binary name, etymology, origin, Regions bordering Russia, Kazakhstan.*

Аймақтық онимдер жүйесі күрделі тілдік-элеуметтік, этно-мәдени-тарихи қабат ретінде ғылымның әр саласында әр қырынан қарастырылады. Оның ішінде ономастика саласының бөлінбес бір бөлшегі ретінде жалпы және жекелеген тілдік мәселелерді шеше отырып, қоғамның әр кезеңдік шынайы бейнесін танытуда мүмкіндігі зор. «Белгілі бір аймаққа қатысты ономастикалық зерттеулердің мақсаты – нақты бір аймақтағы атаулардың ерекшеліктерін және/немесе ол атаулардың көрші, тіпті шалғай аймақтармен байланысын анықтау. Аймақтық ономастикалық зерттеулер онимдік ареалдар мен олардың түрлерін белгілеп, бекітуде құнды материалдар береді» (Подольская, 1988, 97-б.).

Қазақстан өңірлері ономастикалық кеңістігінің әрқайсысының өзіне тән сипаты бар: әр аймақтың орналасу орнына қарай, тарихи-элеуметтік жағдаятына қарай тілдік ландшафтысы әртүрлі қалыптасып жетілген деуге болады. Аймақтардың онимдер жүйесінің қалыптасып дамуына, олардың құрылымына әртүрлі элеуметтік факторлар әр қилы деңгейде ықпал етіп отырғаны белгілі. Әр өңірдің (солтүстік-оңтүстік, батыс-шығыс) ономастикалық даму динамикасын зерделей түскенде байқалар жайт – жалқы есімдердің сол аймақ халқының этно-мәдени-элеуметтік өміріне қаншалықты ықпалды болғандығы. Себебі онимдер – табиғаты жағынан апеллятивтерге қарағанда өзінің бойына ақпараттылықты, элеуметтілікті ерекше сақтайтын тілдік қабат. Яғни, олар белгілі бір тарихи кезеңнің (әлемнің) тілдік бейнесін анық беруде маңызды рөлге ие (Қоңыратбаева, 2018, 167-б.).

Қазақстанның Ресеймен шекаралас орналасқан солтүстік және батыс өңірлерінің топожүйесі, бір жағынан, түрлі этностан құралған кеңістік ретінде айрықша сипатқа ие болса, екінші жағынан, саяси-идеологиялық астары қалың тарихи үдерістерден тұратын онимдік қабат болып саналады. Бірден айтарлығы, бұл өңірлердің ономастикалық кеңістігі «көп қабатты»: онда төңкеріске дейінгі жұрнақтар, кеңестік кезең кезіндегі билік саясаты, там-тұмдап болса да тәуелсіздік алған жылдардағы бұрынғы атауды қайта қалпына келтуі сынды сипаттар орын алған. Бұлардың ішінде, әсіресе, кеңес кезеңінің бояуы қатты сіңген. Себебі кеңестік билік кеңестік аймақ деп аталатын мәдени-тарихи орындардың барлығына дерлік өзінің ерекше «құстанымын» жүргізіп отырғаны тарихтан белгілі (Қоңыратбаева, 2018, 167-б.).

¹Мақала ҚР БЖҒМ-нің АР08855686 – «Қазақстан трансшекаралық аймақтарындағы топонимия» атты мемлекеттік гранты аясында әзірленді (2020-2022 жылдарға арналған).


Еліміздің Ресей жерімен шекаралас жатқан аймақтарына Павлодар облысының Ертіс, Қашыр, Ақтоғай, Шарбақты аудандары, Солтүстік Қазақстан облысының М. Жұмабаев, Жамбыл, Қызылжар, Мамлют, Ш. Уәлиханов аудандары, Қостанай облысының Жітіқара, Денисов, Ұзынкөл, Меңдіқара, Федоров, Қарабалық аудандары, Ақтөбе облысының Қарғалы, Әйтеке, Мәртөк аудандары, Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау, Берлі, Жәнібек, Казталов аудандары жатады.

Қазақстан трансшекаралық аймақтарындағы топонимдік атауларды номинациялау үдерісінде байқалатын маңызды құбылыс – семантикалық қарама-қайшылықтың орны. Ғылыми зерттеулерде ол бинарлық оппозиция, бинарлық атаулар, семантикалық оппозиция деген терминдермен беріледі. Ономастикадағы бинарлық оппозицияға Н.В. Подольская мынадай түсіндірме береді: «Противопоставление (для различения) двух известных образом связанных объектов с помощью имен, имеющих одинаковую основную лексему и антонимичные определения» (Подольская, 1988, 42 б.). Ал А.В. Суперанская жалқы есімдердің бойындағы бұндай антонимияның (бинарлық оппозицияның) көрінісіне тек бір жақты ғана қарауға болатынын көрсетеді: «О своеобразной условной антонимии не столько имен, сколько образов, связанных с этими именами, можно говорить лишь в исключительных случаях, когда имя со всеобщей известностью находится на грани превращения в нарицательное. Особая географическая (Северный и Южный полюс, Западный и Восточный Саян) и топонимическая (Большой и Малый Кавказ, Верхняя и Нижняя Масловка) антонимия не дают антонимии лингвистической и даже просто ономастической, потому что здесь названия с этимологически антонимическими лексемами входят в один ономастический ряд и объектная соотнесенность названий значительно важнее их понятийной стороны» (Суперанская, 1973, 304-305 б.). Автордың көзқарасынша, жалқы есімдердің бойындағы антонимдік мән лексикалық антонимдермен салыстырғанда өзгеше, онда сөздердің байланысы тек ұғымдардың байланысы арқылы қалпына келеді.

Лексикалық антонимдерде қарама-қайшылық мән болымсыздықтың тізбегі ретінде көрініс тауып, «дүниедегі заттардың, құбылыстардың сын-сапасын, артық-кем қасиетін, мөлшер-көлемін салыстырып, бір-біріне қарама-қарсы қоюдан шықса» (Болғанбайұлы, Қалиұлы, 1997, 121 б.), топонимдердің бойындағы бинарлық оппозицияда айқын қарама-қарсылық болмауы мүмкін. Топонимдердің қарама-қайшылығы топонимдік мәнмәтінде танылады, кейде тіпті семантикалық қарама-қайшылыққа емес, мәндес қатарға ұқсас келуі де ықтимал. Лексикалық қарама-қайшылықта тұрақты түрде *үлкен кішінің, ақ қараның, жаңа ескінің, тар кеңнің*, т.б. антонимі болып табылса, ал топожүйедегі ол қарама-қайшылықтардың орны басқаша. Мәселен, *Үлкенкөл – Кішікөл* топонимдері о баста көлдің көлеміне, оның қамтып жатқан ауқымына қатысты қойылып, өзара бинар құраған делік. Алайда уақыт өте келе Үлкенкөліміздің суы тартылып, Кішікөл атауына семантикалық оппозиция болудан қалуы мүмкін. Сондықтан топонимдердің бойындағы қарама-қайшылық уақыт тезімен өлшенеді, өткеннің еншісі тұрғысынан қаралады. «Тарих топонимдерді «бөліп» қана қоймайды, нысанның бір кездері бұзылуына байланысты оларды қайта «қоса» да алады. Сондай жайттың бірін Верхний Тагил – Нижний Тагил топонимдеріне қатысты айтуға болады. Бұл атаулар қалыптасқан кезде өзара бинарлық оппозиция құраған. Дегенмен уақыт өте келе Нижний Тагил айтарлықтай дамып, үлкен қалаға айналған да, ал Верхний Тагил салыстырмалы түрде шағын ауыл деңгейінде қалған. Алайда кейінірек Верхний Тагил қала мәртебесін алған кезде екі топоним қайтадан бір-біріне бинарлық жұп құраған» (Глинских, 1987, 33 б.). Яғни, топонимдердің пайда болу сәтінде орын алған қарама-қайшылықтың өзектілігін сақтау үшін ол нысандардың бір категорияға жатуы маңызды.

Бинарлық атаулар (оппозиция) деп аталатын ондай антонимдік қатарлар топожүйенің лексикалық қорын байытуда елеулі үлес қосады. Атап айтқанда, аймақтың ландшафтық және тарихи-әлеуметтік жағдайларын ашуда нақты деректер ұсына алады. Яғни, топожүйеде қарама-қайшылықтардың орнығуы белгілі бір аймақтың сан алуан құрылымдық-типологиялық сипатын анықтауға, сонымен қатар топовірліктерді атаудың принциптерін айқындауға мүмкіндік береді.

Бинарлық атаулар қатары түркі ономастика кеңістігінің бәрінде, оның ішінде қазақ топонимдерінде де ұшырасады. Солтүстік және батыс трансшекаралық аймақтары бойынша жинақталған тілдік деректер соның бір айғағы деуге болады. Аталған өңірлер топонимдерінің бойындағы бинарлық атауларды құрылымдық-семантикалық жүйесіне қарай шартты түрде: 1) Үлкен – Кіші атауларымен келетін бинарлық қатар; 2) Ақ – Қара; Қара – Сары атауларымен келетін бинарлық қатар; 3) Өзге атаулармен келетін бинарлық қатар деп қарастыруға болады. Олардың ішінде ең өнімді бинарлық қатарды алғашқы екі түрі құрайды (1-сурет).



1-сурет – Қазақстан трансшекаралық аймақтарындағы бинарлық атаулардың сандық көрсеткіші

1) *Үлкен – Кіші* атауларымен келетін бинарлық қатар. Бинарлық атаулардың бұл қатары, негізінен, гидронимдердің, арагидік ойконимдердің жасалуына негіз болған. Бұған себеп еліміздің солтүстік, батыс трансаймақтарының сулы, батпақты болып келуінен. Гидронимдер мен ойконимдердің бинарлық жұптары бір гидрографиялық немесе ойкографиялық жүйемен шектелген. Ол топонимдер күшейткіш-кішірейткіш құрылымдық-семантикалық қатынасты танытады. Бұл қатардағы бинарлық атаулардың дені тіркесті атаулар тудырады. Атап айтқанда,

Үлкен Ақшешей (қыстақ атауы, БҚО, Шыңғырлау ауд.; батпақ, көл атауы, СҚО, Жамбыл ауд.) // *Кіші Ақшешей* (батпақ атауы, СҚО, Жамбыл ауд.);

Үлкен Сарыкөл (батпақ атауы, СҚО, Жамбыл ауд.) // *Кіші Сарыкөл* (көл атауы, СҚО; Жамбыл ауд.);

Үлкен Қарақоға (көл атауы, СҚО, Жамбыл ауд.) // *Кіші Қарақоға* (көл атауы, СҚО, Жамбыл ауд.);

Үлкен Қорған (қыстақ атауы, БҚО, Казталов ауд.) // *Кіші Қорған* (қыстақ атауы, БҚО, Казталов ауд.);

Үлкен Сүлікті (көл атауы, СҚО, Жамбыл ауд.) // *Кіші Сүлікті* (көл атауы, СҚО; Жамбыл ауд.);

Үлкен Шабәк (көл атауы, СҚО, Жамбыл ауд.) // *Кіші Шабәк* (көл атауы, СҚО; Жамбыл ауд.).

Үлкен – Кіші сын есімдерінің антонимдік жұп ретінде біріккен құрамды топонимжасамға қатысатынына тек бір ғана үлгіні кездестірдік:

Үлкенкөл (батпақ, көл атауы, СҚО, Жамбыл ауд.) // *Кішікөл* (батпақ атауы, СҚО, М. Жұмабаев ауд.) // *Кішкенекөл* (батпақ атауы, СҚО, Жамбыл ауд.).

Келтірілген *Үлкен – Кіші* атауларымен келген топонимдерді о баста көл, батпақ, қыстақтардың алып жатқан орнына, көлеміне қатысты қойылып, антонимдік жұп ретінде қалыптасқан деуге болады. Уақыт ағымында ол географиялық нысандардың бинарлық атауды

қаншалықты сақтауы/сақтамауы сол аймақтарға зерттеу экспедицияларын жүргізуде айқындала түсері анық.

Кейбірінің шығу төркініне тоқталсақ:

Үлкенкөл (батпақ, көл атауы, СҚО, Жамбыл ауд.) // **Кішікөл** (батпақ атауы, СҚО, М. Жұмабаев ауд.) // **Кішкенекөл** (батпақ атауы, СҚО, Жамбыл ауд.) – көлдің, батпақты жердің алып жатқан көлемін танытатын бинарлық қатар. Мұндағы *Үлкенкөл* онимі «Даладағы шағын ойпаң немесе жауын-шашынның ылғалдылығы ұзаққа созылуынан қалыптасқан ойпаң болуына байланысты аталған. Сәйкесінше *Кішікөл* атауы ойпаңның кіші бөлігі дегенді білдіреді» (Койчубаев, 1974, 233 б.). Бұл қатардағы *Кішікөл* топонимі *Үлкенкөлге* әрі лексикалық, әрі грамматикалық бинар құрап тұр. Батпақ көлемінің тым шағындығын танытуда кішірейту мәніндегі *-кене* қосымшасы жалғанып, *Кішкенекөл* гидронимі туындаған деуге болады.

Бұл сынды әрі лексикалық, әрі грамматикалық бинар жасаушы жұпқа өңір топожүйесіндегі мына мысалды да келтіруге болады: *Үлкен Қарақамыс* (көл атауы, СҚО, Жамбыл ауд.) // *Кіші Қарақамыс* (көл атауы, СҚО, Жамбыл ауд.) // *Кішкентай Қарақамыс* (батпақ атауы, СҚО, Жамбыл ауд.). Мұнда *Үлкен Қарақамыс* гидрониміне *Кіші Қарақамыс* гидронимі лексикалық бинарлық қатар құрап тұрса, кішірейту мәніндегі *-тай* қосымшасының жалғануы арқылы *Кішкентай Қарақамыс* онимі туындап, грамматикалық бинарлық қатар жасауға сеп болған.

2) *Ақ – Қара; Қара – Сары* атауларымен келетін бинарлық қатар. Солтүстік және батыс Қазақстан трансшекаралық аймақтарында өзге түркі тілдеріндегі секілді мағыналық жағынан бір-біріне қарама-қарсы келіп, бинарлық қатар құрайтын түр-түс атаулы топонимдер біраз кездеседі. *Ақ – Қара; Қара – Сары* атауларымен келген бинарлық қатар, негізінен, біріккен тұлғалы топоним жасауға қатысатындығы көрінеді. Олардың қатары:

Ақоба (ауыл атауы, БҚО, Жәнібек ауд.) // **Қараоба** (ауыл атауы, БҚО, Казталов ауд.). Топонимдердің *оба* сыңары қазақ топожүйесінде жеке оним түрінде де кездеседі. *Оба* сөзі тілдік қорда бірнеше мағынаға ие: «1. Дөңес жерлерге тастан, топырақтан үйіп жасалынған меже, белгі; 2. Өлген адамдар жерленіп, үйінді, төмпешік түрінде жасалған орын; 3. Өте жұқпалы ауру, індет, дерт» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 11 т., 600 б.). Топонимжасамда *оба* сөзінің алғашқы екі мағынасы қатысады деуге негіз бар. Бұл пікірді *Ақоба, Қараоба* топонимдерінің мәнін ашатын сөздіктер де ашып көрсетеді: *Ақоба* – Ак-Уба. Куча белых камней (Конкашпаев, 1963, 15 б.); *Қараоба* – Кара-Оба. Черная куча камней (Конкашпаев, 1963, 61 б.). Яғни, ақ тастардың үйіндісі, қара тастардың үйіндісі мәнінде келіп, *Ақоба, Қараоба* ойконимдері семантикалық жағынан антитезалық сипатқа ие болып тұр.

Ақтау (тау атауы, БҚО, Бөрілі ауд.; ауыл атауы, БҚО, Шыңғырлау ауд.) // **Қаратау** (қоныс атауы, СҚО, Жамбыл ауд.). *Ақтау – Қаратау* топонимдері толыққанды бинарлық атау. *Ақтау* – тау жыныстарының түсіне қарай тағылған атау. *Қаратау* онимінің этимологиясы жайлы А.Н. Кононов: «Для изучения тюркской орографической номинации и терминологии необходимо обследовать направления многочисленных гор и горных хребтов, носящих название *қара (гара) дағ/тағ/тоғ/тау/тоо*; ср. узб. *қора тоғ* 'черные горы', 'низкие горы', 'горы без растительности'; термином *қора тоғ* узбеки обозначают также 'горы, не освещаемые солнцем', т. е. северные склоны гор; -ср. кирг. (южное): *кара* 'не покрытое снегом место в горах», – деп түстік мән танытандығын атап өтеді (Кононов, 1978, 167 б.). Өзге де ғалымдар Э.М. Мурзаевтың *Қаратау* онимі түспен байланысты, себебі *Қаратауларда* өзге ұлы таулардағыдай жаз бойы қар жатпайды деген пікірімен толық қосылады (Қойшыбаев, 1985, 158 б., Бияров, 2013, 143 б.). Демек, *Ақтау – Қаратау* топонимдерінің бойында семантикалық қарама-қайшылық толық сақталған деп танымыз.

Ақмола (қоныс атауы, СҚО, М. Жұмабаев ауд.) // **Қармола** (өзен атауы, СҚО, Ш. Уәлиханов ауд.; жырасай атауы, СҚО, Ш. Уәлиханов ауд.). Мұндағы *ақ – қара* сын есімдері өздерінің түпкі денотаттық мағынасында антонимдік жұп құрап, бинарлық атау мәнінде топоним жасауға қатысып тұр. *Ақмола* ониміне қатысты ғылыми еңбектерде әр қилы пікірлердің кездесетіндігі белгілі. Атаудың халықтық этимологиядағы шығу тарихын Т.

Жанұзақ: «Бір кісіні жерлегенде, астынан ақ балшық шыққан. Осы ақ балшықпен мәйіттің басына орнатылған моланы майлаған. Содан соң мола алыстан ағарып көрініп тұратын болғандықтан, бұл жер Ақмола атанған» (Жанұзақ, 2010, 31 б.), – деп бере келіп, өзінің ғылыми тұжырымын ұсынады: «Ақмола атауы «қабырстан» мәнінде емес, «көне мекен-жайдың орны, ата-бабалардың сүйегі жатқан қасиетті белгі, нышан», ал орысша, кейбіреулерше аударылған «светлый погост» емес, «белый мавзолей» деген мағынаны білдіреді (Жанұзақ, 2010, 31 б.). Сондай-ақ, *Қарамола* онимінің құрамындағы *қараға* қатысты да көзқарастардың алуандығы байқалады. Е. Қойшыбаевтың сөздігінде: «Атау «мола» мағынасын білдіреді, ондағы *қара* сыңары «қалың, көп мола» мәнінде жұмсалған, – делінеді (Қойчубаев, 1974, 122 б.). Дегенмен бұл атаудың қойылу принципін әлі де қарастыра түсу қажет. Біздіңше, атаудың *қара* сыңары нысанның өлшемінен гөрі, алыстан қарауытып тұрған моланың түстік белгісін танытып тұрған сыңайлы.


Ақтоғай (елдімекен атауы, Павлодар обл., Ақтоғай ауд. // **Қаратоғай** (елдімекен, Ақтөбе обл., Мәртөк ауд.). Сырт қарағанда *ақ* – *қара* бірліктері түстік мәнде келіп, бинарлық атауды танытатын сықылды. Алайда тіліміздегі *ақ* және *қара* бірліктерінің түстік мәннен бөлек түрлі коннотацияға ие екенін ескерсек, ойконимдердің семантикалық қарама-қайшылыққа құрылмағанын аңдаймыз. Ойконимдердің бойындағы *ақ* сыңары «таза, мөлдір, тұнық», *қара* сыңары «қалың, ну, көп» мағынасын білдіреді. Ал *тоғай* сыңары туралы түрлі көзқарас кездеседі. Қазақ әдеби тілінде *тоғай* сөзінің бірнеше семантикасы тіркелген: «1. өзен бойларындағы жабайы өскен әртүрлі қалың қу ағаш; 2. шөл және шөлейт аймақтардың жайылма сулы өзен алаптарында өсетін бұта аралас орман; 3. орманның негізгі алқаптан оқшауланған шағын бөлігі» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 14 т., 194 б.). *Тоғайдың* топожүйедегі мағынасы туралы Е. Қойшыбаев мынадай талдау ұсынады: «*Тоғай* сөзі лексика немесе тополексема түрінде қилы фонетикалық вариацияларда (*туғай, тоқой, тохой, туқай*) бүкіл түркі және монғол тілдері топонимиясын былай қойғанда жалпы славян (*туғай*), угор (*токай*) тілдес халықтар атауларынан да, әдеби нормадағы терминдері қатарынан да берік орын алған тым көне форма. Сондықтан да оны түркі-монғол тілдері шеңберінен артып, «алтаистика» аясына енген форма деуге болады. Орыстың ғылыми және басқа терминологиясының төркінін қарастырғандар (К.Р. Бабаев, Е.Н. Шипова) бұл лексеманың немесе алғашқы түсінігінен алыстап кеткен *токай* прототипінің берер мағынасын «иілме», сөзбе-сөз «шынтақ» (ор. «локоть») деп қарайды. Қазіргі қазақ тілі нормасына келтіргенде бұл сөздің төлеуін, жобамен «сай-сала» немесе «ескі арна» мәндес ұғым береді» (Қойшыбаев, 1985, 36-37 б.). Дей тұрғанмен *тоғай* сөзінің *сай-сала, ескі арна* мәніне Т. Жанұзақ келіспейді. Автордың пікірінше, «тоғай» – географиялық термин ретінде түркі тілдерінде ерте заманнан қолданып келе жатқан лексема. Ол түркі тілдерінен орыс әдеби тіліне еніп, *туғай* тұлғасында жиі қолданысқа түсуде (Жанұзақ, 2010, 34-35 б.). В.В. Радловтың сөздігінде де *тоғай, тогаі, токоі, токаі, токкоі* тұлғаларына беріліп, «шалғын», «орманды алқап», «ағаштар мен бұталар қалың өскен өзен, арал не жарты арал», «өзен түбектеріндегі қалың ағаш» деген мағыналарға ие екендігі көрсетілген (Мурзаев, 1984, 562 б.). Демек, *Ақтоғай* ойконимі мөлдір *судың, тұнық өзеннің жағасындағы орман* мағынасын танытса, *Қаратоғай* ойконимі *қалың, нулы тоғай* мәнінде қойылған деп қарауға болады.

Ақсу (ауыл атауы, БҚО, Бөрілі ауд.) // **Қарасу** (ауыл, қыстақ атауы, БҚО, Казталов ауд.; өзен атауы, СҚО, Ш. Уәлиханов ауд.). *Ақсу* – *Қарасу* онимдері қазақ топожүйесінде гидроним, ойконим ретінде көптеп кездеседі. *Ақсу* топонимінің құрамындағы *аққа* қатысты пікір алуандығы басым. Бірқатар зерттеу еңбектерінде оның түске қатыссыз екендігі, таудан төмен құлай аққан қар суының ағыны екендігі; яғни *ағу, ағынды* деген мағынаны танытатындығы келтіріледі (Мурзаев, 1984, 195 б., Кононов, 1978, 163 б., Қойшыбаев, 1985, 35 б.). Кейінгі зерттеулерге зер салсақ, бұл пікірмен келіспеушілік байқалады. Атап айтқанда, «Атаудың негізгі мағынасы «судың, өзеннің ақ ботала боп аққан түсіне» байланысты» (Жанұзақ, 2010, 33 б.); демек «атауға себеп болған уәж – өзен суының тастарға соғылып, ақ көбіктеніп ағуы» екендігі пайымдалады (Бияров, 2013, 125 б.). *Қарасу* топонимінің аталу принципі *судың, өзеннің мөлдірлігінен қалыптасқан, кейін келе өзен атауы ауыл, қыстақ атауының туындауына*

негіз болған. Яғни, мұнда ономастика ғылымына тән құбылыс – трансонимдену орын алған. Ақсу топониміне қатысты келтірілген екіұдай пікірді Қарасу топонимінің аталу принципімен салыстыра қарастырғанда, бұл атаулардың бинарлық оппозиция құрап тұрмағанын тануға болады.

Ақкөл (көл атауы, БҚО, Шыңғырлау ауд.) // **Қаракөл** (ауыл атауы, БҚО, Казталов ауд.; көл, батпақ атауы, СҚО, Жамбыл ауд.). Топонимдердің құрамындағы *ақ*, *қара* сын есімдері түстіктен өзге семантикалық мағынаны білдіреді. *Ақ* «ағын, ағынды» деген мәнді танытса, *қара* бірлігі «жер» семантикасымен байланысты деуге болады. Сонда *Ақкөл* – *Қаракөл* топонимдері *ақ*, *қара* бірліктерінің *көл* географиялық терминімен бірлікте келіп, *ағын су*, *ағынды көл* және *жер асты суы*, *көл* мағыналарында қалыптасқан. Демек, аталмыш топонимдер бинарлық атаудан өзге мәнді танытады.

Жалпы, әлемнің ономастикалық бейнесінде *ақ* ~ *қара* бірліктері ғана емес, *қара* ~ *сары* бірліктерінің де өзара бинарлық қатар құрайтындығы турасында айтылады.



Алтай топонимикасын қарастырған еңбегінде О.Т. Молчанова: «Фиксируются определенные пары, где в алтайских этнонимах существует противопоставленность *қара* ~ *сары*: *қара-алмат* // *сары-алмат*, *қара-јағырық* // *сары-јағырық*, *қара-иркит* // *сары-иркит*, *қара-сойоң* // *сары-сойоң*, *қара-тогус* // *сары-тогус*, *қара-тодош* // *сары-тодош*, *қара-чагат* // *сары-чагат*» (Молчанова, 1979, 198 б.), – деп көрсетеді. *Қара* ~ *сары* бірліктерінің бинар құруы туралы осы пікірге ұқсас көзқарас Батыс Қазақстан облысы топонимдерін зерттеген Ұ. Ержанованың да еңбегінде кездеседі: «*Сары* сөзі кейде *қара* сөзімен салыстырмалы сипатта қолданылып, «кіші» ұғымын береді» (Ержанова, 2001, 126-127 б.).

Қара мен *сарының* жұп құрауы қазақ транстопожүйесіне де тән. Атап айтқанда,

Қараөзен (ауыл, өзен атауы, БҚО, Казталов ауд.) // **Сарыөзен** (ауыл, өзен атауы, БҚО, Казталов ауд.).

Қарақопа (елдімекен атауы, Қостанай обл., Федоров ауд.) // **Сарықопа** (қыстау атауы, СҚО, Ш. Уәлиханов ауд.);

Қаратомар (көл атауы, СҚО, Ш. Уәлиханов ауд.) // **Сарытомар** (ауыл атауы, СҚО, М. Жұмабаев ауд.).

Қаратал (өзен, СҚО, Ш. Уәлиханов ауд.; орман, Жамбыл ауд.) // **Сарытал** (СҚО, көл, Жамбыл ауд.);

Қарайғыр (қоныс, СҚО, Ш. Уәлиханов ауд.) // **Сарыайғыр** (ауыл, СҚО, Жұмабаев ауд.);

Қарабие (батпақ, СҚО, М. Жұмабаев ауд.) // **Сарыбие** (қоныс, СҚО, М. Жұмабаев ауд.).

Кейбірінің шығу төркініне тоқталсақ,

Қараөзен (ауыл, өзен атауы, БҚО, Казталов ауд.) // **Сарыөзен** (ауыл, өзен атауы, БҚО, Казталов ауд.). Топонимдердің *қара* сыңары *үлкен*, *сары* сыңары *кіші* мағынасында келіп, өзара антонимдік жұп құрап тұр. Демек, *Қараөзен* // *Сарыөзен* топонимдері өзеннің алып жатқан ауқымының үлкен-кішілігін танытудан туындаған деуге негіз бар. Өзен атауынан кейінірек ауыл атаулары қойылып, трансонимдену құбылысы қалыптасқан.

Дей тұрғанмен, бұл қатардағы топонимдердің дені өзінің алғашқы денотаттық мағынасын танытып тұрған жоқ. *Қара* ~ *сары* бірліктері арқылы жасалған топонимдік қатардың барлығына бірдей «бинарлық қатар құрайды» деген пікірді келтіруге болмайды. Керісінше, Ресеймен шекаралас қазақ өңірлеріндегі *қара* ~ *сары* бірліктерінен жасалған қатардың бинар емес, бірқатарының мәндес екендігін айту керек. Бұл пікірімізге Е.

Қойшыбаевтың сөздігіндегі *қара* сөзінің «ірі», «биік», «қалың», т.б. және *сары* сөзінің «кең», «басты», «мол», «негізгі», т.б. деген мағыналарды білдіретіндігі туралы талдауы да дәлел (Қойчубаев, 1974, 119-123; 191-192 бб.). Бұндай түсіндірмені «Қазақ әдеби тілінің сөздігінен» де табамыз: «сары – жер бедері, су қоймаларының күрделі аттарына тіркескенде кең, басты, негізгі, анық, айқын көрінетін деген мағыналарды үстейтін қосымша сөз» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 12 т, 707 б.). Демек, *қара* мен *сарының* бұлай мәндес қатар құруы олардың жер-су атауларының бойында негізінен *үлкен, ірі, биік, қалың, зор, кең, мол* секілді ұғымдар төңірегінде топтасатындығында жатыр. Траншекаралық аймақтар мысалында талдасак:

Қарақамыс // Сарықамыс – СҚО, Жамбыл, Ш. Уәлиханов аудандарындағы көл атауы. Гидронимдердің бірінші сыңарындағы *қара, сары* бірліктері қамыстың түсіне байланысты аталмаған. *Қарақамыс* гидронимінің құрамындағы *қара* сөзі қамыстың ну, қалың өскендігін білдіреді, яғни *қамысы қалың көл* дегеннен қалыптасқан (Қойчубаев, 1974, 120 б.). *Сарықамыс* гидронимінің құрамындағы *сары* сөзінің этимологиялық негізінде де осы сема жатыр деуге болады. Сөздіктерде *сары қамыс* – қалың, ну қамыс мағынасында жұмсалатын бірлік екендігі тіркелген (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 12 т., 710 б.). Топонимнің этимологиясы *қамыстың кең алқабы* мағынасынан шыққаны анық (Молчанова, 1986, 194 б.). Яғни, көлдің атауы *қалың, ну қамыс* мағынасын білдіретін *сары қамыс* апеллятивінен қалыптасқан. Демек, *қараның да, сарының да* оним құрамында танытатын мағынасы бір: *қалың, ну* дегенді білдіріп, мәндес қатар құруға сеп болып тұр.

Қарақона (елдімекен атауы, Қостанай обл., Федоров ауд.) // **Сарықона** (қыстау атауы, СҚО, Ш. Уәлиханов ауд.). Бұл ойконимдердің шығу тегі алдыңғы **Қарақамыс // Сарықамыс** гидронимдерінің этимологиясына жақын. Мұндағы *қона* – «қураған шөптер шіріндісіне аралас қоға, қамыс, құрақ өскен қорысты жер» мағынасындағы зат есім (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 10 т., 58 б.). Ол географиялық термин ретінде қазақ ономастикалық картасында бұрыннан тіркелген. Семантикасы: «қалың қамыс өскен сулы, батпақты жер. Ол жердің көл, көлшік батпақ болуы маңызды емес, қамыстың қалың өсуі – маңызды белгі (Бияров, 2013, 38 б.). Сонда *Қарақона // Сарықона* онимдері *қонасы, қамысы қалың мекен, жер* деген мағыналарды танытып, антонимдік жұп емес, өзара мәндес қатар құруға сеп болған.

3) Өзге атаулармен келетін бинарлық қатар. Ресеймен шектес жатқан транстопожүйе кеңістігінде *жақсы – жаман, жылы – суық, ащы – тұщы* сын есімдері қатысқан бинарлық атаулар да орын тепкен.

Жақсытұз (ащы-тұзды көл атауы, СҚО, Ш. Уәлиханов ауд.) // **Жамантұз** (ащы-тұзды көл атауы, СҚО, Ш. Уәлиханов ауд.). Зерттеулерде *жақсы – жаман* сын есімдерінің топозжүйеде, негізінен, өзінің денотаттық мағынасынан орбитін өзге де мәнде келетіндігі айтылады.

Жақсы бірлігіне қатысты: Е. Қойшыбаев *жақсы* сөзінің топообъектінің анықтауыш сыңары есебінде екі түрлі қызмет атқаратынын келтіреді: «1) қатар объектілердің бірінен-бірінің биіктігін ажыратады; 2) қатар объектілердің бірінен-бірінің табиғи артықшылығын ажыратады» (Қойшыбаев, 1985, 103 б.). Б. Бияров *жақсы* сын есімінің көптеген жанама мағыналарының оның негізгі беретін ұғымынан («тәуір, оңды, келісті») тарайтындығын атап өтеді (Бияров, 2013, 163 б.).

Жаман бірлігіне қатысты: Т. Жанұзақ *жаман* сөзінің топонимдер құрамында келгенде, «нашар, кішігірім» мағынасын білдіретіндігін келтіре келіп, оның өзге де мәнде танылатындығын көрсетеді: «*Жаман*» сөзі «*нашар*» мағынасында қолданылса, кейде моңғол, тәжік тілдеріндегі «*чаман*» сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген күйінде жұмсалады. Біздің байқауымызша, тәжік тіліндегі «*чаман*» – «көк шалғын», «майса», «жазық алаң» сөзінің өзгерген түрі болуы мүмкін. Оған тәжік тіліндегі «*Чаманбұлақ*», «*Чаманқулы*» атаулары толық айғақ. Сөз басындағы *ч/ш* дыбыстары *ж* дыбысына алмасқан сияқты» (Жанұзақ, 2010, 88 б.). Е. Қойшыбаевтың сөздігінде топонимдер құрамындағы *жаман* сыңарының *кіші, қолайсыз, жарамсыз* секілді жағымсыз мәнді реңктері ашылады (Қойшыбаев, 1985, 108-110 б.). Б. Бияров *жаман* сөзінің топонимге айналғанда, негізінен, екі мәнде жиі көрініс беретінін ашып көрсетеді: «Ең алдымен, «табиғи нысанның адамға, оның тіршілігіне қолайсыз» болып

келуі, екінші, «географиялық нысанның басқа өзі тектес нысандардан «қораш, жатаған, өсімдіксіз, көріксіз» болып келуі *жаман* сын есімі + зат есім үлгісіндегі күрделі атаулар жасайды» (Бияров, 2013, 165 б.). Келтірілген талдауларды салыстыра қарағанда, *Жақсытұз // Жамантұз* гидронимдері көл суының ащы-тұщылығын, малға жағымды-жағымсыздығын танытып, толыққанды бинарлық атау ретінде көрініс тапқан деуге негіз бар. Себебі еліміздің солтүстік және батыс өңірлері тұзды, сортаң болып, мал жайылымына қолайлы, ыңғайлы келеді. Яғни, гидронимдердің атауы көлдердің қаншалықты сортаң, тұзды екендігін танытудан тағылса керек.

Жылыбұлақ (ауыл атауы, Павлодар обл., Шарбақты ауд.) // **Суықбұлақ** (өзен атауы, БҚО, Бөрілі ауд.). *Жылыбұлақ* атауы қазақ ономастикалық кеңістігінде *Жылбұлақ* тұлғасында да кездеседі (Алматы, ОҚО өңірлерінде). Е. Қойшыбаевтың пікірінше, «*жылы бұлақ* айтыла келе *жылы* сөзінің аяққы дыбысы түсіп, «жылбұлақ» түрінде қалыптасқан атау. Қырғызша: *Жылуубұлақ* (Қойшыбаев, 1985, 121 б.). Ал семантикасына келетін болсақ, *жылы* – *суық* сын есімдері географиялық нысанның сынын, сипатын танытып тұр деуге болады. Яғни, бұлақ, өзен суының жылы-суықтығын білдіруден қойылған атау болса керек. Демек, топонимдердің бойында бинарлық оппозиция толық сақталған. Уақыт өте келе өзен бойында орналасқан ауылдың атауына да берілген.

Ащықұдық (қыстақ атауы, БҚО, Казталов ауд.) // **Тұщықұдық** (қыстақ атауы, БҚО, Шыңғырлау ауд.). *Ащы* сөзі қазақ тілінде «тұщы емес, тұзды, сор дәмі бар» мағынасын білдіреді (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 2 т., 294 б.), ал *тұщы* сөзі «тұзы жоқ, ішуге жарамды су» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 14 т., 453 б.) мағынасын танытып, *ащының* бинары болып табылады. Ойконим құрамында *ащы* – *тұщы* сын есімдері осы денотаттық мәндерінде келіп, семантикалық қарама-қайшылыққа құрылған деуге болады.

Сонымен, негізгі бинарлық оппозициялар географиялық нысандардың белгілі бір белгілерін көрсететін топонимикаға тән заңдылықтар шеңберінен шықпайды. Лексикалық антонимдермен салыстырғанда уақыт тезімен өлшенеді. Топонимдердің бойындағы бинарлық атаулар құрылымдық жағынан антонимдік жұп құрағанымен, семантикалық қарама-қайшылықты танытпауы да мүмкін. Себебі В.А. Никонов атап өткендей, «географиялық атау өзі атап тұрған нысанның бөлігі болып табылмайды. Бұл оған тиесілі емес. Өзен де, тау да өздерін-өздері атай алмайды, оларға атау қоғам тарапынан және сол қоғамның мүддесі үшін беріледі. Географиялық атау табиғатқа емес, қоғамға тиесілі және барлық қоғамдық құбылыс сияқты тарихи болып саналады. Тіпті мағынасы аталған нысанның (Волчья өзені) қасиеттерін толық ашып тұрса да, ол сол қасиетімен емес, тарихи себептерге байланысты өнімді деп танылады. Барлық мәселе белгінің өзінде емес, оны бағалауда» (Никонов, 1964, 81 б.). Аймақтардың ерекшелігі жер-су нысандарының белгілі бір түрлерін, ал нысан түрлері өз кезегінде топонимдердің құрамдас бөліктері ретінде бинарлық жұптарды анықтауға септеседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. 2-ое изд. – Москва: Наука, 1988. – 192 с.
2. Қоңыратбаева Ж.М. Солтүстік өңірлердегі ономастикалық ахуал // «Қазақстан ғылымы мен өмірі» ғылыми журналы. – Астана, 2018. – № 3 (58). – Б. 167-171.
3. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – Москва: Наука, 1973. – 366 с.
4. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
5. Глинских Г.В. Топонимическая система и структурно-семантические признаки исходных апеллятивов // Вопросы ономастики. Вып. 18. – Свердловск: УрГУ. – 1987. – 29-44 с.
6. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 275 с.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. – Алматы, 2011. – 750 б.
8. Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географияческих названий. – Алматы: Изд. Акад.наук КазССР. – 185 с.

9. Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках // Тюркология. 1978. – 159-179 с.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. – Алматы, 2011. – 800 б.
11. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
12. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана, 2013. – 431 б.
13. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су атауларының түптөркіні. – Алматы: Сөздік-словарь, 2010. – 356 б.
14. Мурзаев Э.М. Словарь народных географияческих терминов. – Москва: Мысль, 1984. – 653 б.
15. Молчанова О.Т. Желтые цвета в Алтайском ономастиконе // Тюркология. 1986. – С. 192-201.
16. Ержанова Ұ. Ақжайық өңірінің топонимиясы. – Алматы: Арыс, 2001. – 174 б.
17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том. – Алматы, 2011. – 752 б.
18. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. – Алматы, 2011. – 752 б.
19. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. – Алматы, 2011. – 750 б.
20. Никонов В.А. Пути топонимического исследования // Принципы топонимики. Москва: Наука, 1964. – 58-86 с.

«САЙРАН» ТАРИХИ ТОПОНИМІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

*ЕСПЕКОВА Л.Ә.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология
ғылымдарының кандидаты,
қауымдстырылған профессор
Астана қ, Қазақстан*

Түйіндеме. «Аталған мақала BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында жазылды. Мақалада Ұлы Жібек жолындағы ірі тарихи қалалардың бірі Сайран қаласына қатысты деректер беріледі. «Сайран» тарихи топонимі жөніндегі көзқарастар, топонимнің шығу төркіні сараланған.

Тірек сөздер: Сайран, Испиджаб, тарихи қала, тарихи топонимдер, Ұлы Жібек жолы

Аннотация. Данная статья написана в рамках программно-целевого проекта BR10965370 «Изучение исторической топонимии Великого Шелкового пути на стыке наук», утвержденного Министерством образования и науки Республики Казахстан». В статье представлена информация о городе Сайран, одном из крупнейших исторических городов Великого шелкового пути. Рассматривается взгляды на исторический топоним «Сайран», происхождение топонима.

Ключевые слова: Сайран, Испиджаб, исторический город, исторические топонимы, Великий шелковый путь

Abstract. «This article was written in the framework of the program targetproject BR10965370 «Study of the Historical Toponymy of the Great Silk Road at the Juncture of Science» approved by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan». The article provides information about the city of Sairan, one of the largest historical cities of the Great Silk Road. Considered views on the historical toponym "Sairan", the origin of the toponym.

Key words: Sayran, Ispidzhab, historical city, historical toponyms, Great Silk Road

Ұлы Жібек жолы мәдени байланыстардың ошағы болды. Оның тарихтағы орны да ерекше. «Ұлы Жібек жолы 2 мың жыл бойы өмір сүрген. Ол әлем тарихында дара ерекше құбылыс болды, Тынық мұхит пен Атлант мұхитының арасындағы көптеген халықтарды біріктірді... Ұлы Жібек жолы әртүрлі сауда, мәдени жаңалық және жаңа ойлардың таралу жолы, Еуразиядағы көшпелілер мен отырықшы халықтардың даму жолы болды. Жібек жолы өркениет жолы болды» (Байпақов т.б., 1992, 203-б.).

Ұлы Жібек жолында Тараз, Отырар және Испиджаб (Сайрам) секілді көптеген қалалар бой көтерді. Тарихқа көз жүгіртсек, кейін бұл қалалар ғылым мен қолөнердің, мәдениет пен сауданың орталығына айналған. Сондай ірі қалалардың бірі – Испиджаб (Сайрам). Бұл қала сол кезеңде Ұлы Жібек жолындағы ірі және негізгі сауда орталығы болды.